

Майғазиев Сәкен Қордабайұлы
6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі
қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар
(этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» атты
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: "Мәдениет - ол ұлттың айнасы, ұлт жанының, ақылы мен парасатының көрінісі. Өркениетті ел өз атабабасының жүріп откен жолы - тарихымен, мәдениетінің дамуымен, Отаның танытқан және әлемдік өнер мен ой қазынасының алтын қорына үлес қосқан арда ұлдарымен мақтанады. Мәдениет пен салт-дәстүр арқылы ұлт танылады әрі ұлықталады", - деп, мәдениеттің адамзат үшін маңызына баса назар аударған. Осы ойды жетекшілікке алып, докторант Сәкен Майғазиев зерттеу барысында ұлттымыздың әдептілік пен дәстүршілдік құндылықтары көрініс тапқан этнофольклорлық ансамбльдер тарихын, қалыптасу заңдылықтарын, шығармашылығының жанrlары мен стильдерін арнайы қарастырған. Бұл құбылыстың мәнін, даму үдерістерін қабылданап бағалау – бүгінгі музыкатану ғылыминың алдына қойған маңызды міндеттердің бірі. Этнофольклорлық ансамбльдердің жалпы еліміздің заманауи мәдениетіндегі орнын анықтау, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы үлесі мен қадамдарын айқындау, әрі қарай даму үрдісін қарастыру аса қажет. Осы орайда, халықтың музыкалық дәстүрінің жаңа сахналық тәжірибеде өнделіп, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі қазіргі қоғамдағы деңгейі, көркемөнер заңына бағынып өзгеруі дәстүрлі аспаптық және ән туындыларының түрлену үдерісіне назар аудару қажеттілігінен талқыланып отырған ғылыми жұмыс туындаған.

Диссертацияның жаңалығы, негізделуі мен дәлелденуі. С.Қ.Майғазиев зерттеу жұмысын жазуда әлемдік және отандық іргелі ғылыми енбектерге сүйене отырып, мәселенің зерттеу бағытын айқындауға мүмкіндік жасады.

Ғылыми жұмыс жазу барысында ізденушінің алдында келесідей міндеттер тұрды: 1) Қазақстан этнофольклорлық ансамбльдердің дәстүрлі ұлттық саз өнеріндегі бастаулары мен түркі мәдениетіндегі фольклорлық сипаттарының ұқсастықтарын айқындау; 2) Қазақстан эстрадасындағы заманауи этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін, орындаушылық бағыттары мен репертуар мәселесін қарастыру; 3) Қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльдердің шығармашылығында музыкалық ладтық жүйені дамытуы мен орындаушылық шеберлігі деңгейін бағалау арқылы көркем құбылыстың өзіндік болмысы туралы тұтас ғылыми тұжырымдама жасау; 4) Қазақстандағы поліэтникалық және моноэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ансамбльдердің стильдік ерекшеліктерімен функциялық генезисін нақтылап, даму әволюциясын

жүйелеу, стильдік ерекшеліктерін анықтау; 5) Этнофольклорлық ансамбльдердің шығармашылығындағы музикалық шығармалардың түрлерін талдау;

Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін ізденуші С.Майғазиев тарихи, семиотикалық, герменевтикалық, компаративистік, констеляциялық, аудио-визуалды және дискурс-анализ әдістерін ұтымды пайдаланып, мақсаттарына жете білді деп есептеймін.

Жұмыстың аса назар аударатын жетістігі – Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық бағыттағы ансамбльдер шығармашылығы қазақтың – бақсызық, тұрмыс-салт, жыраулық, ақындық дәстүрі және XIX ғасырдың кесіби ұлттық музикасының заңды жалғасы, мұрагері екендігі; замануи эстрада өнеріндегі этнотоптардың репертуары мен шығармалары музикалық тілдік жүйе, яғни музикатану ғылымы тұрғысынан кешенді талданып, этнофольклорлық тоptарға тән стильдік ұстанымдар анықталды, әр ұжымның Отандық эстрада өнеріне қоскан үлесі көрсетілді; этнофольклорлық ансамбльдердің даму эволюциясы көне фольклорлық туындылардың стилизациясы мен халық әндерінің этнорок, этнопоп бағытындағы лайықтамаларынан, екінші сатыда қос (батысуеропалық және қазақша) дәстүрдің тен дәрежеде түсінен, соңғы кездегі жаңашыл бейнелік, тақырыптық, музикалық тілдік жүйе жиынтығын негізге алған ансамбль мүшелерінің төл туындыларына дейінгі даму жолдары көрсетіліп, Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдер – мәдениеттің айрықша, тұтас музикалық, стильдік құбылысы болып қалыптасқандығы дәлелденді.

Койылған сұрақтардың толықтығы, ғылым және практика сұраныстарымен байланысы. Диссиденттың қол жеткізген ғылыми тұжырымдарының, нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы зор деп айтуға болады. Жұмыста тараулармен тараушалар арасында логикалық бірізділік сакталған. Диссертацияның нәтижелері қазақ мәдениет тарихының шешілмеген теориялық мәселелерін шешуге ықпал жасайды деуге толық сенім бар. Бір сөзben айтқанда, бұл ғылыми еңбек қазақ мәдениетіндегі этнофольклорлық музиканы зерттеу мәселесін алға бастырудың кезекті қадам болып табылады. Диссертация бойынша алынған нәтижелер өнертану, музикатану, мәдениеттану пәндері аясында арнайы курстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми жағынан өзекті, жұмыстың анық және негізделген ғылыми нәтижелері бар, ол ізденүшінің құрделі теориялық мәселелерді шешуде өзіндік жогарғы деңгейдегі кәсібілігін көрсетеді. С.Қ.Майғазиевтың диссертациялық жұмысы толық аяқталған және қазақстандық мәдениеттану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады. Яғни докторант Майғазиев Сәкен Қордабайұлының «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми

дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді, сондықтан ізденуші «6D041600 — «Өнертану» мамандығы бойынша PhD докторы атағына лайық деп есептеймін.

Забирова Толқын Калиевна,
Өнертану кандидаты,
ҚР еңбек сінірген қайраткері,
Т.К. Жүргенов атындағы ҚҰО академиясының
эсрадалық вокал кафедрасының
қаумдастырылған профессоры(доценті)

softol@mail.ru

